«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры:

Миралиев Б.К _____
«01» 09 2026 ж.

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ПЕДАГОГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2026–2027 оқу жылы (5–9 сыныптар / Негізгі орта мектеп)
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында

I. Жұмыс жоспарының паспорты мен мақсат-міндеттері

Осы жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде негізгі орта мектеп (5–9 сыныптар) оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауына, еңбек мәдениетін қалыптастыруға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауына жүйелі қолдау көрсету мақсатында құрылған.

1.1 Жұмыстың мақсаты

• Оқушылардың жеке қабілеттерін, психофизиологиялық ерекшеліктерін, белгілі бір кәсіптік салаға бейімділігін анықтау және соның негізінде негізгі орта мектепті аяқтағаннан кейінгі білім беру траекториясын (10-сынып немесе колледж) дұрыс таңдауына көмек беру;
• Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен аймақтық еңбек нарығындағы сұраныстарға сәйкес кәсіби бағдар берудің оңтайлы жүйесін қалыптастыру;
• Білім алушыларға ақыл-кеңес беріп, орта арнаулы және кәсіптік білім беру мекемелерімен (колледждермен) әлеуметтік серіктестікті дамыту.

1.2 Негізгі міндеттері

1. Білім алушылардың өзін-өзі тануына мүмкіндік туғызу, психологиялық-кәсіби портретін қалыптастыру;
2. Оқушылардың бейімділігін анықтау үшін арнайы кәсіби диагностика мен сауалнамалар жүргізу (Д.Голланд, Е.Климов әдістемелері бойынша);
3. Оқушыларға мамандықтар әлемі, жаңа және болашақта сұранысқа ие супер-мамандықтар туралы біртұтас мағлұмат беру;
4. Болашақ кәсіби қызметке психологиялық тұрғыдан дайындау, кез келген мамандықты құрметтеу мен жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;
5. Ата-аналарға баланың мамандық таңдауында педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету және кәсіптік білім беру ұйымдарымен сабақтастықты арттыру.

II. Кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі бағыттары

Жылдық іс-шаралар жүйесі 4 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

• Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар (нормативтік құжаттар, бұйрықтар, меморандумдар, стендтер);

• Педагог мамандармен және сынып жетекшілерімен жұмыс (әдістемелік кеңестер, семинарлар, нұсқаулықтар);

• Оқушылармен жұмыс (5–7 сыныптарда саралау-бағдарлау, 8–9 сыныптарда кәсіби диагностка және колледждермен сабақтастық);

• Ата-аналармен жұмыс (жиналыстар, дәрістер, жеке кеңес беру).

III. 2026–2027 оқу жылына арналған айлық жұмыс кестесі

...лары	Жұмыс бағыты	Іс-шара атауы мен мазмұны	Мерзімі	Қатысушылар	Жауаптылар	Жұмыс түрі
...ыркүйек	Ұйымдастыру	Кәсіптік бағдар беру кеңесін құру, жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек (басы)	Ұжым	Мектеп директоры	Бұйрық, хаттама
...ыркүйек	Педагогтермен	Мұғалімдерді кәсіптік бағдар беру бұйрықтарымен, нұсқаулықтармен таныстыру	Қыркүйек	Сынып жетекшілері	Кәсіптік бағдар беруші	Әдістемелік отырыс
...ыркүйек	Серіктестік	Тірек колледждерімен және мекемелермен ынтымақтастық меморандумдарын жаңарту	Қыркүйек	9-сыныптар	Кәсіптік бағдар беруші	Келісімшарт
Қыркүйек	Оқушылармен	«Мен таңдаған мамандық» ақпараттық стенді мен кітапхана бұрышын толықтыру	Қыркүйек	5–9 сыныптар	Кітапханашы, ПББ педагогі	Ақпараттық бұрыш
Қыркүйек	Диагностика	7–8 сынып оқушыларының сенімділігі мен қызығушылығын анықтау тесті	12.09.2026	7–8 сыныптар	Педагог-психолог	Тестілеу
Қыркүйек	Диагностика	9-сынып оқушыларының бейімділігі мен қабілетін анықтау тесті (Голланд, Климов)	19.09.2026	9-сыныптар	Педагог-психолог	Диагностика
Қазан	Оқушылармен	«Өнегелі өмір» жобасы: Ұстаздар күніне арналған ардагер педагогтармен кездесу	02.10.2026	6, 9 сыныптар	ПББ педагогі, сынып жетекшілері	Кездесу кеші
Қазан	Оқушылармен	«Мамандық таңдау – өміріңнің бір кірпішін дұрыс қалау» дөңгелек үстелі	10.10.2026	9-сыныптар	Кәсіптік бағдар беруші	Дөңгелек үстел